

**«Ақтөбе облысының білім басқармасының,Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Таңшолпан» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының 2022-2023 оқу жылындағы
ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ АНЫҚТАМАСЫ**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары», Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің БІЛІМ және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» нормативтік құжаттар негізінде, бағалау өлшемшарттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖБМБС талаптарына сәйкестігіне және мекеменің материалдық базасына талдау жүргізілді. Сонымен бірге білім беру ұйымының талаптарына қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тексеріліп, бағалау өлшемшарттар негізінде балабақшаның қызметі бағаланды.

I. Білім беру ұйымның жалпы сипаттамасы:

- 1.Білім беру ұйымының толық атауы** «Ақтөбе облысының білім басқармасы, Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Таңшолпан» бөбекжай-балабақшасы » мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны
- 2.Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы мен нақты орналасқан мекенжайы).** Қазақстан Республикасы,Ақтөбе облысы,Хромтау ауданыҚопа ауылдық округі,Қопа ауылы,Маншүк Мәметова №22 көшесінде орналасқан.Индекс 031105,
- 3.Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, web-сайт).** Заңды тұлғаның байланыс деректері: Телефон: 8-71-336-79-2-25Электрондық адрес: kopa.tansholpan-2010@mail.ru сайт-ds-tansholpan-sad.testim.kz
- 4.Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшысының Т.А.Ә., қызметке тағайындалуы туралы бұйрық көшірмесі).**Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Балабақша меңгерушісі:Байсеркешова Амангул Бисеновна бұйрық № 106 10.01.2010 жыл Сот\телефон нөмірі +77055369258
- 5.Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің және Жарғының көшірмесі қоса беріледі).**Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: Бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН) 100340001930«Ақтөбе облысының білім басқармасы, Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Таңшолпан» бөбекжай-балабақшасы » МКҚК
- 6.Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон).** «Ақтөбе облысының білім басқармасы, Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Таңшолпан» бөбекжай-балабақшасы » мемлекеттік мекемесі 2010 жылдың 03 наурыз айында Хромтау ауданының Әділет басқармасында заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен: Қайта тіркеуден 2021 жылы 15 қаңтар айында өткен.«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Таңшолпан» бөбекжай-балабақшасы »,«Жалпы білім беру саласында мектепке дейінгі оқу-тәрбие қызметімен» айналысуға **2015 жылы «17» тамыз № KZ28RVK00004445** нөмерлі хабарламамен жұмыс жасайды.Хабарлама қайтадан алынған уақыты;15 сәуір 2021 жыл.

7. Ғимарат туралы мәлімет

Мектепке дейінгі ұйымның меншік иесі құқығына иелік ететін құжаты бар. Тұрақты жер пайдалану актісі бар, жер учаскесінің кадастрлық нөмері: **02-034-012-1005**

Жер учаскесінің алаңы: 0,3322 га.

Жердің санаты: Елді мекендердің жерлері (қалалар, поселкелар және ауылдық елді мекендер)

Жер учаскесін нысаналы тағайындау: «Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Таңшолпан» бөбекжай балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны орналастыру және қызмет көрсету

Жер учаскесін пайдаланудағы шектеулер мен ауыртпалықтар: жоқ

Жер учаскесінің бөлінуі: бөлінеді.

«Ақтөбе облысының білім басқармасының, Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Таңшолпан» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

2022-2023 оқу жылы 5 күндік жұмыс кестесі бойынша жұмыс істеді.

«Таңшолпан» бөбекжай-балабақшасында 2 топ, әр топта жас ерекшеліктерін ескере отырып толықтырылды.

Әр түрлі жас (кіші топ) 1-2 жас «Балапан» тобы,

Әр түрлі жас (ересек) 4 жас «Қарлығаш» тобы

Жылы	Топ саны	Бала саны
2022-2023 оқу жылы	2	50

Штаттық кесте ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына» сәйкес жасалып, аудандық білім бөлімінің басшысымен бекітілген, 20,5 (бірлік) берілген. Оның ішінде:

Қызмет атауы	Штаттық кесте
Меңгеруші	1
Педагог-психолог	0,5
Әдіскер	0,5
Шаруашылық меңгерушісі	0,5
Медбике	0,5
Бухгалтер	0,5
Тәрбиеші	4
Музыка жетекшісі	0,5
Тәрбиеші көмекшісі	2
Аспаз	1
Асхана жұмысшысы	0,5
Кір жуушы	1
Кастелянша	0,5
Аула сыпырушы	1
Күзетші	3
оператор	3
жұмысшы	0,5
Барлығы:	20,5 (бірлік)

2022-2023 оқу жылы жалпы ұжымда 6 педагог және 14 кіші қызметкер жалпы саны 20 адам қызмет етті. Тәрбиелеу мен Білім беру үрдісін толық қамту мақсатында өртке қарсы және санитарлық эпидемиологиялық қызметтердің қорытындылары мен анықтамалары

жинақталған, тамақтандыру деңгейін растайтын құжаттар мен сертификаттар сақталу мерзіміне сәйкес жинақталған.

Қызметкерлермен лауазымдық міндеттері және еңбек қауіпсіздігі нұсқаулықтары бар және балалардың, қызметкерлердің жарақаттану жағдайын тіркеу журналы жүргізілген. Ата – аналар жиналысының хаттамалары жазылған, тігілген, нөмірленген, бекітілген, материалдары жинақталған. Ата-аналар туралы мәліметтер жинақталған. «Таңшолпан» бөбекжай-балабақшасының жылдық жоспар оқу жылының басында талданып педагогикалық кеңесте бекітілген. Балабақшаның даму бағдарламасы 2019-2023 жылға арналған балабақшаның даму жоспары бар. Педагогикалық кеңестің хаттамалары өткен педагогикалық кеңестегі қаралған мәселелердің шешілгендігін талдау арқылы жазылған журналдары бар және бауланып, мөрленген. Педагогикалық ұжымның іс-әрекеті нормативтік құжаттарға сай жүргізіледі..

Балабақшада мемлекеттік қызмет көрсетуді 1 бағытта жүргізеді мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес,

1.«мектепке дейінгі мекемелерде құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» жауапты маманы: А.Б. Байсеркешова **бұйрық № 65. 15.02.2015**

Ата-аналармен келісім-шарттар жасалған. Балалар қозғалысы журналы, жолдамаларды тіркеу журналы талапқа сай. Құжаттар іс-қағаздар номенклатурасына сәйкес жүргізіледі. Талапқа сай стенд, заңнамалық құжаттары реттелген.

8. Кадрлық құрамға талдау

3.1 «Таңшолпан бөбекжай балабақшасы» МКҚК мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының

1 қосымшасымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» негізінде ұйымдастырылды. Балабақшаның жобалық қуаты 50 балаға арналған, оқыту тілі қазақ тілінде жүргізіледі.

оқу – тәрбие процесі төмендегі құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

- ҚР Білім туралы заңы;
- Оқу жұмыс жоспары;
- Ішкі еңбек тәртібі;
- Жарғысына;

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; нұсқаулық хат, қаулыларына және балабақшаның даму бағдарламасын басшылыққа алды.

«Таңшолпан бөбекжай балабақшасы» МКҚК 2022-2023 оқу жылында барлығы 6 педагог жұмыс жасады. Балабақша педагогтерінің барлығы «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша қызмет атқарады.

Әкімшілік-басқару қызметкерлер құрамы

Әкімшілік – басқару қызметкерлердің құрамы штаттық кестеге сай жасайды.

Әкімшілік – басқару қызметкерлер құрамы төмендегіше:

1. Меңгеруші - Байсеркешова Амангул Бисеновна:

Білімі – арнаулы орта, АГК мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу жоғары Орыс тілі орыс әдеб пәні мұғалімі. Қ.Жұбанов атындағы мемлекеттік университеті

2. Әдіскер - Есжанова Алия Бексултановна.

Білімі – жоғары «Бастауыш сынып мұғалімі» Қ.Жұбанов атындағы мемлекеттік университеті жоғары «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» Қ.Жұбанов атындағы мемлекеттік өңірлік университеті

3. Шаруашылық меңгерушісі – Таженова Светлана Амангелдиновна:

білімі арнаулы орта,

4. Медбике - Бисенгалиева Улмекен Аяшовна: білімі – арнаулы орта, Медициналық училищесі –

5. Есепші - Жакибаева Дина Дюсембаевна: білімі арнаулы орта

Бухгалтерлік мектеп - бухгалтер.

Басқарушы қызметкерлердің жауапкершілік деңгейін қамтамасыз ететін әкімшілік функционалды міндеттері белгіленген.

Балабақша меңгерушінің нормативтік құжаттары жинақталған. Бұйрықтар кітаптары жүргізілген. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында жоспар бойынша жұмыстар жүргізілуде. Әдіскер жұмыс жоспары негізінде балалармен, тәрбиешілермен ата-аналармен жүйелі жұмыстарның барлық 2022-2023 оқу жылының құжаттары талапқа сай жүргізілген. Істер- номенклатурасы бойынша құжаттар толық жинақталған. Медбикенің құжаттары жинақталған, балабақшада медбике кабинетінің лицензиясы жоқ, іс-қағаздары барлығы жинақталған, құрал жабдықтары жеткілікті. Есепші барлық аударымдар бойынша есептер жинақталған. Штаттық кестелер, бюджеттік тапсырыстар уәклетті органдармен бекітілген, есепші өз дәрежесінде функционалды міндетін атқарады. Таңшолпан бөбекжай- балабақшасының әдістемелік жұмысы, басқарма жұмысы ретінде педагогикалық ұжымның жұмысын, білім беру бағдарламаларының міндеттерін шешеді. Балабақшаның әдіскерлік қызметін атқарушы:

1. Есжанова Алия Бексултановна атқарады. Білімі - жоғары, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, педагогикалық өтілі 32 жыл, осы әдіскер қызметінде - 8 жыл

Әдістемелік жұмыстардың барлық түрлері 1(бір) жылдық құжаттары тізбегі жүйелі жинақталған. Оқу-тәрбие процесін әдістемелік жағынан қамту мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес жүргізілген. Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада педагогикалық кеңестер, семинарлар, семинар-практикумдар, кеңес берулер, тренингтер өткізіледі. Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу-тәрбие жұмысының 1(бір) жылдық қортынды талдаулары барлығы жинақталған. Балабақша педагогтары жаңартылған білім мазмұнында өз жұмыстарында жаңашыл әдістемелерді, әдіс-тәсілдерді, формаларды қолданатыны жұмыс нәтижелерінде көрсетті.

Мектепке дейінгі ұйымның басқа мекемелермен өзара байланысы және қатынасы және балаларды тәрбиелеу, күту бойынша басқару кестеде көрсетілген. Әдістемелік кабинетте тәрбиешілердің авторлық бағдарламалары, әдістемелік жинақтары, іс-тәжірибесі: видеотека, ашық көрсетілімдері, семинарларда өткізген жұмыстары, слайдтары толық жинақталған.

Балабақша педагогтарының қолданысында 1 дана ноутбукпен қамтамасыз етілген, 4 мегалайн интернет жүйесіне қосылған, сайты бар. Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен анықталған нормативтерге сәйкес әдістемелік әдебиеттер саны жинақталған. Балабақша педагогтеріне арналған әдістемелік құралдар, кітаптар әлі де болса толықтыруды қажет етеді. Арнайы әдістемелік басылым журналдарымен толықтарылуда.

Оқу жылдары	әдістемелік әдебиеттер саны	Балалар көркем әдебиеттері саны
2022-2023 оқу жылы	55	200

«Таңшолпан» бөбекжай- балабақшасының 2 топта ойын материалдары мен құрал— жабдықтармен қамтылған. Қосымша әдебиеттер қорының саны жеткілікті. Баспасөз беттерінде (республикалық, облыстық, аудандық деңгейде) педагогтардың жұмыстары жарияланды, 2 педагог облыс көлімінде өзінің әдістемелік, электронды орта құралдары және 4 авторлық бағдарламалары қолданылуда. Әдістемелік құралдар мен авторлық бағдарламаларды шығару көрсеткіші- әдістемелік құрал- 50 % , авторлық бағдарлама- 66,6% көрсетті.

№	Әдістемелік құралдар атауы	Авторы
1	«Қарапайым математикалық дағдыларын қалыптастыру» әдістемелік құрал 2017 жыл	Есжанова Алия Бексултановна
	Ойын арқылы балалардың ой өрісін дамыту 2022 жыл	
	«Ойна, ойла балақай» (электрондық орта) 2017 жыл	

	«Логика әлемі» бағдарлама 2017 жыл	
	«Мен және менің әлемі» бағдарлама 2017 жыл	
	«Ойна, ойла балақай» бағдарлама 2018 жыл	
	«Ересек тобында ойын технологиясын тиімді қолдану жолдары» (электрондық орта) 2022 жыл	Биржанова Алтынай Кубайдолловна
2	«Әлеумет» және «Коммуникация» салалары бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі әдістемелік құрал	
	Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері 2022 жыл	
	«Қызықты математика» бағдарлама 2017 жыл	
	«Ұлттық ойындар» бағдарлама 2021 жыл	
3	«Ойна, ойла балақай» бағдарлама 2018 жыл	Иманкулова Галия Танашаевна

Қортынды:

- 1.Әдістемелік оқу-тәрбие үрдісінің жұмысы «жақсы» деңгейде.
 - 2.Балабақшаның басқару қызметі жүйелі түрде жинақталған.
 - 3.Басқару қызметкерлері нормативтік құжаттар негізінде өз қызметтерін атқарады
- «Таңшолпан» бөбекжай-балабақшасы педагогтары туралы жалпы мәліметтер**

2022-2023 оқу жылы

р \сс	Мамандардың аты-жөні	Қызметі	Білімі	Мамандығы	Осы ызметтегі өтілі	Қайдан және қашан курстан өтті	Санаты
1	Байсеркешова Амангул Бисеновна	менгеруші	арнаулы орта Ақтөбе гуманитарлық колледжі 29.маусым1998 АБ №0000218 тіркеу номері №126	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	22\12	29.09.2019 «Өрлеу» «Білім беруді жаңарту жағдайында МДҰ инновациялық іс әрекетін басқару» 10.08.2021 Ақтөбе қаласы ПШО "Мектепке дейінгі ұйым педагогтарының біліктілігін арттыру	0
2	Есжанова Алия Бексултановна	Әдіскер-психолог	Жоғары Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті 28.маусым.2014 ЖБ-Б №0811413 тіркеу номері №3670	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	31\22	20.09.2019 Ақтөбе қаласы ПШО "Мектепке дейінгі ұйым педагогтарының біліктілігін арттыру 02.12.2021 «Өрлеу» «МДҰ сапасын бағалау негізінде заттық кеңістік дамытушы ортасын жобалау»	Жоғары № 85 26.03.2018
3	Биржанова Алтынай Кубайдолловна	тәрбиеші	арнаулы орта Ақтөбе педагогикалық училищесі 18.маусым 1993 РТ-1 №264539 тіркеу номері № 99	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	29\21	27.05.2019 «Өрлеу» «МДҰ білім берудің жаңа үлгілік бағ.сәйкес жобалау»	I № 175 19.06. 2017 ж
4	Иманкулова Галия Танашаевна	тәрбиеші	арнаулы орта Ақтөбе гуманитарлық колледжі 15.маусым.2016 ТКБ № 0749335 тіркеу номері №11	«мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»	21\10	13.12.2022 Ақтөбе қаласы ПШО "Мектепке дейінгі ұйым педагогтарының біліктілігін арттыру	II № 121 15.05.2018

5	Мұрат Әсел Советқызы	тәрбиеші	арнаулы орта Ақтөбе гуманитарлық колледжі 24 маусым 2021 жыл ТКБ № 1648741 тіркеу номері №167	«мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»	1 жыл	15.09.2022 «Өрлеу» «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту»	Жас маман
6	Әбдікєрова Айтолқын Бекболатқызы	тәрбиеші	Арнаулы орта Көпсалалы "Болашақ" колледжі 30.маусым .2014 ТКБ №0528707 тіркеу номері № 001	«мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»	8	19.08.2019 №0325687 «Өрлеу» «МДҰ білім берудің жаңа үлгілік бағ.сәйкес жобалау»	II № 122 15.05.2020

Педагогтардың білімі туралы мәлімет

Оқу жылдары	Барлық педагог тар	Жоғары пед.білім	Соның ішінде мектепке дейінгі	Арнаулы орта	Соның ішінде мектепке дейінгі	Аяқталмаған арнаулы орта мектепке дейінгі
2022-2023	6	-	1 (16%)	-	5 (84%)	-

Балабақшамызда мектепке дейінгі жоғары білімді педагог және арнаулы орта мектепке дейінгі педагогтар саны толық **100%** қамтылған.

Біліктілік санаты бойынша кадрларға мінездеме

бүгінгі таңда педагогикалық ұжымда еңбек жолдарын жаңа ғана бастаған жас мамандардың

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Жоғары	Бірінші	Екінші	Санаты жоқ
2022-2023	6	1 (16,7%)	1 (16,7%)	1(16,6%)	3 (50%)

көп болуына байланысты,сапалық құрам 50\50% көрсеткішті көрсетіп отыр,себебі санаты бар педагогтың декреттік демалысқа кетуі, сонымен бірге, жоғарыда атап өткендей, жыл сайын әртүрлі себептермен педагогикалық ұжымның үнемі жаңаруымен жас мамандардың қосылғанымен түсіндіруге болады.

Дегенмен, балабақша әкімшілігі тарапынан педагогтердің біліктіліктерін көтеруге үнемі зор көңіл бөлініп отырады. Балабақшада педагогтердің біліктілік санатын арттыру бес жылдық перспективтік жоспары құрылған.

Педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру туралы мәліметтер

№	Оқу жылы	Педагог саны	«Өрлеу» АҚ «Ақтөбе»	Республикалық «Өрлеу» АҚ	Педагогикалық шеберлік орталығы
1	2022 -2023 жыл	6	4	1	3

Балабақша педагогтері 5 жылда бір реттік біліктілікті арттыру курстарынан толықтай өткен.

Бес жылдық салыстырмалы көрсеткіште берілгендей облыстық біліктілікті арттыру институтында қайта даярлау және біліктілікті арттырудың курстарына бару оқу жылдармен салыстырғанда **84%-ға** өскен.

Еңбек өтілі бойынша кадрларға мінездеме

Оқу жылдары	Педагог тар саны	0-ден 5жылға дейін	5-тен 10 жылға дейін	10-нан 15 жылға дейін	15-тен 20 жылға дейін	20 жылдан жоғары
2022-2023	6	1 (16,7%)	1(16,6%)	-	1 (16,7%)	3 (50%)

МКҚК«Таңшолпан» бөбекжай-балабақшасында кадрлардың еңбегін бағалау жұмысы жақсы жолға қойылған. Педагог қызметкерлер балабақшаішілік марапаттаулар мен қатар аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық жоғарыда атап өткендей марапатауларға ие.

Жас ерекшелігі бойынша кадрларға мінездеме

Оқу жылдары	Педагогтар саны	20-30 жас	30-40 жас	40-50 жас	50-60 жас
2022-2023	6	2-34%	-	3-50%	1-16%

Кадрларды жұмысқа қабылдағанда білімі, педагогикалық жұмыс тәжірибесі, психологиялық сәйкестікті барлығын тексеру барысында қабылданады.. Педагогикалық кадрлар туралы мәселе әкімшілікпен педагогикалық кеңестерде, кәсіподақ, өндірістік жиналыстарында талқыланады.

МКҚК«Таңшолпан» бөбекжай-балабақшасы іс- қағаздарын жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлардың жеке іс-қағаздары талапқа сай, жеке іс-қағаздарда кадрларды жұмысқа алу өтініштері, жұмысқа қабылданғандары туралы бұйрықтары, еңбек шарттары, диплом көшірмелері, өмірбаяны, жеке куәлігінің көшірмесі, еңбек кітапшалары, біліктілік арттыру курстарынан өткен сертификаттары және біліктілік санаты туралы бұйрықтарының көшірмелері барлығы түгел. Негізгі қызмет бойынша, жеке құрам бойынша бұйрықтар кітаптарының жүргізілуі талапқа сай тігілген және нөмірленіп бауланған.

Ұсыныстар

1. Жаңа форматта педагог кадрлардың сапалық деңгейін көтеру бағытындағы түсіндірме жұмыстары жүйелі жүргізілсін.

Қорытынды

1. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлармен жүргізілетін жұмыс жүйелі жолға қойылған.
2. Педагог кадрлардың 2022-2023 оқу жылының іс-қағаздары, құжаттары талапқа сай жинақталып жүргізілген.
3. Педагогикалық мамандандырылған құрамының сапасы жоғары **100%**

9. Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

2022-2023 оқу жылы

9.1. «Ақтөбе облысының білім басқармасы, Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ «Таңшолпан» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-ның 2022-2023 оқу жылында білім беру процесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына (бұдан әрі – Стандарт мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы **№ 348 бұйрығы**) және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы ҚРБҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі **№ 394 бұйрығына 1-қосымша** 2022-2023 оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы «Мектепке тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы бекіту туралы» ҚР білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы мен ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.10.2022 жылғы № 422 бұйрығымен бекітілген «Мектепке тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы» негізделген

2022-2023 оқу жылындағы негізгі міндеттер:

-әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
-балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
-тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
-Отанды, ана тілін сүйе, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
-баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.
Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:
-ойын арқылы оқыту;
-түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.
-перспективалық жоспар,циклограмма үлгісін,баланың жеке даму картасының үлгісін қамтиды.

Мектепке дейінгі ұйымдарда

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту,әлеуметтік эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру

салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимыл- қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарымқатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады;

9.2.«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын тиімді іске асыру мақсатында **Таңшолпан»** бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-ның білім беру процесіне арқылы перспективалық жоспарлау енгізіліп ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылды:

- 1) дене шынықтыру
- 2) сөйлеуді дамыту;
- 3) көркем әдебиет;
- 4) сенсорика;
- 5) математика негіздері;
- 6) құрастыру;
- 7) қоршаған ортамен таныстыру;
- 8) сурет салу;
- 9) мүсіндеу;
- 10) жапсыру;
- 11) музыка.

Бағдарлама балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп,оларды жан-жақты дамытуға стандартта көзделген:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

Ұйымдастырылған іс- әрекетіне

1. Денешынықтыру аптасына 3 рет **1-2 әртүрлі жас (кіші топ)**
Музыка аптасына 1 рет - **1-2 әртүрлі жас (кіші топ)**
2. Музыка аптасына 2 рет- **3-4 әртүрлі жас (ересек топ);**
Қазақ тілі аптасына 1 рет **3-4 әртүрлі жас (ересек топ);**
Денешынықтыру аптасына 3 рет **3-4 әртүрлі жас (ересек топ);**

Перспективалық жоспарды ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша тәрбиешілер, жас тобында жұмыс істейтін педагогтер (қазақ тілі мұғалімі, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысы, музыкалық жетекшісі) оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет жасайды. Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттер айқындаған.

Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін денешынықтыру, қазақ тілі және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылады. Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес толтырылып және іске асырды.

Циклограмма әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмма құрылымы **күн тәртібіне** сәйкес құрылған.

ҚОРТЫНДЫ:

«Таңшолпан» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-ның 2022-2023 оқу жылында білім беру процесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына (бұдан әрі – Стандарт мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы **№ 348 бұйрығы**) және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы ҚРБҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі **№394 бұйрығына 1-қосымша** 2022-2023 оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы «Мектепке тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы бекіту туралы» ҚР білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы мен ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.10.2022 жылғы № 422 бұйрығымен бекітілген «Мектепке тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы» талаптарына сәйкес келеді.

9.3. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) сақтау;

2022-2023 оқу жылында “Таңшолпан” бөбекжай-балабақшасы» МКҚК тәрбиелеу мен оқыту қызметі мектепке дейінгі ұйымдар қызметін айқындайтын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен 1-қосымшасы бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» негізінде ұйымдастырылды.

Балабақша өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары мен мекеме Жарғысын және ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алды.

Мектепке дейінгі ұйым түрі: Бөбекжай-балабақша. Ерте жас тобы-1-жастан бастап-1 сыныпқа қабылданғанға дейін тәрбиеленушілер балабақшаның Жарғысына сай топтары құрылған. Жас топтары әртүрлі жас қағидасын басшылыққа алып топтастырылған.

р/с	Оқу жылы	Топ атауы	Топ саны	Оқыту тілі
1	2022-2023 жыл	«Балапан» кіші әртүрлі жас тобы	27	қазақша
		«Қарлығаш» ересек әртүрлі жас тобы	23	қазақша

9.4) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

2022-2023 оқу жылы бойынша «Таңшолпан» бөбекжай-балабақшасы тәрбиеленушілерінің топтар бойынша балалардың жеке даму картасында түзету шараларының бастапқы нәтижесі нақты берілген, балалардың біліктері мен даму динамикасы бағаланған. Үлгілік бағдарламада көрсеткендей күтілетін нәтижеге жету деңгейі және жеке баламен жұмыс жүргізуде педагогтің алдағы іс-әрекетін айқындауға мүмкіндік береді. Бақылау парақтарында тәрбиеші нақты жүргізіп отырған. Тәрбиеленушінің бағдарламада көрсеткендей белгілі бір білім қорына ие және өз іс-әрекетін түсінеді, жаңғыртады және оны өз іс әрекетінде қолданады деңгейлерін игерген.

Қортынды: Тәрбиеленушілердің даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлау негізі болып табылатын оқыту нәтижесі бағдарлама талаптарына сәйкес келеді.

9.5) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;

9.6) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау;

Жиынтық есеп балалардың
біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша
«Таңшолпан» бөбекжай-балабақшасы
Бастапқы мониторинг нәтижелері туралы жинақ есебі
Қыркүйек айы 2022 жыл

	Топ атауы (жас тобын көрсетіңіз)	Топтағы бала саны	Үлгілік оқу бағдарламасын игерудің жалпы %		
			I	II	III
1	«Балапан» кіші топ 1-2 жас	27	9	13	5
2	«Қарлығаш» 3-4 жас ересек топ	23	6	15	2
Барлығы:		50	Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 30%	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 56%	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 14%

МҚКҚ «Таңшолпан» бөбекжай-балабақшасы меңгерушісі



Жиынтық есеп деңгей көрсеткіші-70%

Бастапқы мониторинг орташа, жоғары деңгей көрсеткіші-70%

ББ әдіскерінің жинағы

"Таңшолпан" бөбекжай-балабақшасы "МҚКК"
 Әдіскерінің аты-жөні: Есжанова Алия Бексултановна

		2022-2023 оқу жылы Қаңтар														
Балалардың жасы	Бала саны	Физикалық қасиеттерді			Коммуникативтік			Танымдық және зияткерлік			Балалардың шығармашылық			Әлеуметтік-эмоционалды		
		олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей
ерте жас тобы	4	1	2	1	1	2	1	1	2	1	1	2	1	1	2	1
кіші топ	23	4	13	6	4	13	6	4	13	6	4	13	6	4	13	6
ортаңғы топ	7	1	4	2	1	4	2	1	4	2	1	4	2	1	4	2
ересек топ	16	5	7	4	5	7	4	5	7	4	5	7	4	5	7	4
мектепалды тобы, сыныбы																
Барлығы	50	11	26	13				11	26	13	11	26	13	11	26	13
%	100	22	52	26				22	52	26	22	52	26	22	52	26

"Таңшолпан" бөбекжай-балабақшасының әдіскері Есжанова А.Б.

қаңтар айы мониторинг көрсеткіші: 74 %

Аралық мониторинг 2023 жыл қаңтар айы бойынша орташа, жоғары көрсеткіш 74%

2023 жыл мамыр қортынды орташа, жоғары деңгей мониторинг 96% көрсетті.

МДҮ бойынша әдіскерінің жинағы

"Таңшолпан" бөбекжай-балабақшасы

Приложение 3

Есжанова Алия Бексултановна

Жас топтары	Балалар саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік			Танымдық және зияткерлік			Балалардың шығармашылық			Әлеуметтік-эмоционалды		
		олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей
ерте жас тобы	3	2	1	0	2	1	0	2	1	0	2	1	0	2	1	0
кіші топ	26	16	8	2	15	9	2	16	8	2	16	8	2	15	9	2
ортаңғы топ	7	6	1	0	5	2	0	6	1	0	4	3	0	5	1	0
ересек топ	14	11	3	0	7	7	0	10	4	0	10	4	0	10	4	0
мектепалды топ																
Барлығы	50	35	13	2	29	19	2	34	14	2	32	16	2	32	15	2
%	100	70	26	4	58	38	4	68	28	4	64	32	4	64	30	4

"Таңшолпан" бөбекжай-балабақшасының мамыр айының қортынды мониторинг барлығы - 96 %

"Таңшолпан" бөбекжай-балабақшасының әдіскері Байсеркешова А.Б.

Қортынды: Жалпы балабақшадағы тәрбиеленушілердің дамуын бағалау мониторинг көрсеткіші 96% деңгейді құрады. Тәрбиеленушілердің даму деңгейі бойынша жыл бойғы бақылау жұмыстары жоспарға сай жүргізілген, құжаттар көшірмелері жинақталған. Талапқа сай «жақсы» деп бағаланды.

10. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) МДТО УОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.

МКҚК «Таңшолпан» бөбекжай-балабақшасының 1-жастан 4-жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары 2022-2023 оқу жылы

№	*Ұйымдастырылған іс-әрекет	Жас топтары	
		Кіші топ (2 жастан бастап)	ересек жас тобы (4 жастан бастап)
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру **	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын
	Қазақ тілі	-	аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***	-	күн сайын
3	Сенсорика	күн сайын	-
4	Математика негіздері	-	күн сайын
5	Қоршаған ортамен танысу	күн сайын	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын	күн сайын
	Мүсіндеу	күн сайын	күн сайын
	Жапсыру	күн сайын	күн сайын
	Құрастыру	күн сайын	күн сайын
7	Музыка	аптасына бір рет	аптасына екі рет
	Музыка ****	күн сайын	күн сайын

2022-2023 оқу жылында «Таңшолпан» бөбекжай балабақшасы»МКҚК ұйымдастырылған іс әрекет мынадай бағытта жүргізілді.«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет «Балапан» кіші тобы, «Қарлығаш» ересек әртүрлі жас тобында жас ерекшеліктері ескеріле отырып топ тәрбиешісімен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілді.

Балабақшада әртүрлі жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, дене-шынықтыру-сауықтыру шаралары (таңертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылды.

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет кіші топта,ересек топта күн сайын жүргізілді. **қазақ тілі** аптасына ересек топта бір рет ұйымдастырылған іс-әрекеті қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, еңбек әрекеті, бейнелеу, шығармашылық әрекет (балаларға кітап оқып беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау) театрландырылған, дербес және басқа да әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылды. **мемлекеттік тілді меңгерту** мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту жұмысы жүргізілді.

Кіші топ балалары үшін **сенсорика** бойынша заттарды, ойыншықтарды өз бетінше зерттеуіне көңіл бөлінеді, олардың түсін, пішінін, көлемін ажыратып, салыстыруға баулу көзделеді.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін **математика негіздерін** күн сайын дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті, эксперимент жасау, математикалық мазмұндағы театрландырылған әрекет, әңгіме, дербес және басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастыруға болады. Мұнда ұйымдастырылған іс-әрекет барысында берілген ұғым, түсініктерді (заттардың түсі, көлемі, пішіні, саны, кеңістікте орналасуы және т.б.) еркін ойында және режимдік сәттерде балалардың жасына сәйкес бекіту, ол үшін сәйкес сұрақтар қойып, балалардың жеке жауаптарын тыңдау, балалардың математика терминдерін қолданып жауап беруіне, заттарға өз бетінше зерттеу жүргізуіне игерген дағдыларын қолдануына мән беру ұсынылады.

Қоршаған ортамен танысу күн сайын объектілер мен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, педагогтің сәйкес ақпаратты оқып беруі, кітаптарды және иллюстрацияларды қарау, әңгімелесу, қарым-қатынас, ойын әрекеті арқылы іске асырылады. Мұнда балалардың заттарды қолмен ұстап, зерттеуі, олардың қасиеттеріне талдау жасауы, заттарды қолдануы, туындаған сұрақтарға жауап беруі, өз бетінше жауабын іздеуі мен табуы, алынған дағдыларды ойында қолдана алуы маңызды.

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ғана емес, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, басқа уақытта да ұйымдастырылады және бірнеше жұмыс түрі қатар жүруі мүмкін немесе көпшілігінің қалауы бойынша барлығы бір жұмыс түрімен айналысуына болады.

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті кіші топта аптасына бір рет, ересек топта екі рет музыка жетекшісімен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілді.

Ұйымдастырылған қызметтің перспективті жоспарлары мен тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы талапқа сай жинақталған.

Қорытынды: Апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы шекті көлемі, ұйымдастырылған әс әрекетінің ұзақтығы балалардың денсаулығы мен психикасын қорғау талаптарына сәйкес келеді.

11. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

1) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

2) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

р/с	Оқу жылы	Топ атауы	Топ саны	Оқыту тілі
1	2022-2023 жыл	«Балапан» кіші әртүрлі жас тобы	27	қазақша
		«Қарлығаш» ересек әртүрлі жас тобы	23	қазақша

2022-2023 оқу жылы қабылданған бала саны-50 жас ерекшелігіне қарай

1 жас-4 бала, 2жас-23 бала, 3 жас- 7 бала, 4 жас-16 бала қабылданды.

Қортынды: Бөбекжай- балабақшаның 1 жастан бастап қабылдаған балалардың жас ерекшеліктері стандарт талаптарына сай келеді.

«Таңшолпан» бөбекжай -балабақшасы» МКҚК тәрбиеленушілерінің жетістіктері туралы мәліметтер. 2022-2023 жыл

р/с	Тәрбиеленушінің аты- жөні	Республік. облыстық аудандық марапаты 2022-2023 жыл бойынша
-----	---------------------------	---

1	Матай Медина	«Диплом» I-орын «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» атты республикалық онлайн байқауында мәнерлеп оқу номинациясы бойынша . Алматы қаласы-2022жыл.
2	Нұрдаулетова Ақбота	«Диплом» « Мақатаев оқулары » Республикалық конкурсына қатысып, жүлделі I орынға ие болғаны үшін Алматы қаласы, 2022жыл.
3	Абекен Айым	«Диплом» Ұлы Жеңіске 77 жыл Республикалық конкурсына қатысып, мәнерлеп оқудан жүлделі I орынға ие болғаны үшін Алматы қаласы, 2022жыл.
4	Матай Медина	«Диплом» « Ұлы жеңіске тарту » атты аудандық мәнерлеп оқу байқауында I-орынға ие болғаны Хромтау ауданы -2023жыл.
5	Нұрдаулетова Ақбота	«Диплом» « Ана,әже және мен » атты республикалық байқауының аудандық кезеңінде III орынға иеленген Хромтау- 2023жыл.
6	Абекен Айзель	«Диплом» «Мағжан оқулары» конкурсына «Толқынмен толқын сырласып» бағыты бойынша « БАС ЖҮЛДЕ » иеленгені үшін 2023 жыл Астана қаласы ҚР оқу ағарту министрінің № 514 бұйрығы негізінде
7	Қуандық Мәдина	«Диплом» «Мағжан оқулары» конкурсына «Толқынмен толқын сырласып» бағыты бойынша « БАС ЖҮЛДЕ » иеленгені үшін 2023 жыл Астана қаласы ҚР оқу ағарту министрінің № 514 бұйрығы негізінде
8	Төлеген Мерей	« Мадақтама » «Баталы ел-арымас» республикалық байқаудың аудандық кезеңінде белсенділік көрсеткені үшін 2022 жыл № 1306
9	Есенғалиев Ерсұлтан	« Мадақтама » «Егер мен суперқаһарман болсам» облыстық байқаудың аудандық кезеңінде белсенділік көрсеткені үшін 2023 жыл №2810
10	Жолдас Нұралап	« Мадақтама » «Әке көрген оқ жонар,шеше көрген тон пішер» II орын 2023 жыл
11	Матай Медина	«Диплом» Облыстық «Ақтөбе-Дарын» мәнерлеп оқу байқауынан «Ұлы Жеңіске тарту» II орын 2023жыл
12	«Қарлығаш» тобы бүлдіршіндері 13 бала	Диплом II дәрежелі «Балаларға базарлық» республикалық байқаудың облыстық кезеңінде II орын 2023 жыл

2022-2023 оқу жылы нәтижесінің есебі бойынша аудандық,облыстық, республикалық,харықаралық жетістіктерінің мониторингісі бойынша шығармашылық байқауларға қатысқан 25 тәрбиеленушілердің көрсеткіші-**48%** көрсетіп отыр .

«Таңшолпан» бөбекжай балабақшасы» МКҚК педагогтарының жетістіктері туралы мәліметтер. 2022-2023 жыл

р / с	Педагогтың аты- жөні	Республ.к. облыстық аудандық марапаты 2022-2023 жыл бойынша
1	Есжанова Алия	2022жыл «Алғыс хат» «Өрлеу» біліктілікті арттыру институтымен іс-тәжірибесімен бөліскені үшін

	Бексултановна	2022 жыл «Алғыс хат» облыстық Ақтөбе ғылыми тәжірибе орталығымен іс-тәжірибесімен бөліскені үшін 2022 жыл "Алғыс хат" «Өрлеу» біліктілікті арттыру институты ҚР Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Тәуелсіз елдің білімді ұрпағына өнегелі тәрбие мен сапалы білім берудегі еңбегіңіз үшін 2023 жыл ІІІ дәрежелі «Диплом» Республикалық «Үздік балабақша әдіскері» олимпиадасының жүлдегері 2023 жыл «Құрмет грамотасы» Ақтөбе облысының кәсіподақ қызметкерлері саласында білім беру саласының дамуына өлшеусіз үлес қосқаны үшін 2023 жыл «Құрмет Дипломы» «Мектепке дейінгі ұйымның оқу ісінің үздігі» ҚР Оқу-Ағарту министрі
2	Биржанова Алтынай Кубайдолловна	2022жыл «Алғыс хат» Кәсіби іс-тәжірибесімен Республикалық деңгейде бөліскені үшін. 2022жыл «Алғыс хат» «Қазақтың қайсар ұлдары» тақырыбындағы Республикалық онлайн байқауы Алматы қаласы, 2022 жыл. «Мақтау қағазы» «Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы өткізген «Мектепке дейінгі жастағы балаларды оқу қызметін ұйымдастырудың заманауи тәсілдері» тақырыбындағы оқыту семинарына қатысқаны үшін 2022жыл «Диплом»«Үздік педагог-2022» Республикалық педагогтар мен тәрбиешілер арасындағы онлайн ғылыми-әдістемелік байқауына қатысып, «Ашық сабақ» жаныры бойынша І орын алған үшін. Алматы, 2022жыл «Алғыс хат» «Мен зерттеушімін» республикалық байқауында аудандық кезеңде белсенділік көрсеткені үшін. 2022 жыл «Алғыс хат» «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» атты республикалық онлайн байқауы. Алматы қаласы- 2022 жыл «Диплом» «Абай тану» олимпиадасына «Өлең сөздің патшасы,сөз сарасы-Абай өлеңдерін мәнерлеп оқу сайысы» номинациясы бойынша. Астана қаласы 2022 жыл «Диплом» «Мақатаев оқулары» Республикалық конкурсында белсенділік танытқаны үшін.Алматы қаласы 2022 жыл «Алғыс хат» Облыстық ғылыми тәжірибелік орталығы Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыруда іс тәжірибесімен бөліскені үшін Ақтөбе 2023 жыл «Алғыс хат» Өрлеу БАҰО«Педагогтердің ІТ құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту» практикумында іс тәжірибесімен бөліскені үшін Ақтөбе 2023 жыл ІІ дәрежелі Диплом Облыстық ғылыми тәжірибелік орталығы «Мектепке дейінгі ұйымның Үздік педагогі» 2023 жыл «Алғыс хат» Облыстық ғылыми тәжірибелік орталығы
3	Әбдікерова Айтолқын Бекболатқызы	2023 жыл «Алғыс хат» «Педагогтердің Іс -құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту» 2023 жыл «Сертификат» «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзіреттілігін дамыту» 2023 жыл «Диплом» «Мағжан оқулары» конкурсына Шәкірт бойындағы дарынды шындауға ат салысып ,білім саласына қосқаны үлесі үшін
5	Мұрат Әсел Советқызы	2022 жыл «Диплом» «Үздік педагог-2022» республикалық педагогтер мен тәрбиешілер арасында онлайн байқауында «Ашық сабақ» номинациясы бойынша «БАС ЖҮЛДЕ» 2022 жыл «Диплом» «Үркер» Республикалық қашықтық олимпиадасы тәрбиеленушілерін сапалы дайындағаны үшін 2022 жыл «Алғыс хат» «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» атты республикалық онлайн байқауы. 2022 жыл «Алғыс хат» «Баталы ел арымас» аудандық байқауы 2003жыл «Мадақтама» «Әке көрген оқ жонар» республикалық байқаудың аудандық кезеңінде ІІ орын 2003жыл «Алғыс хат» республикалық оқу ағарту министрінің № 514 бұйрығына сәйкес «Мағжан оқулары» байқауына шәкірттерін дайындағаны үшін
6	Иманкулова Галия Танашаевна	2022 жыл «Диплом» облыстық «Кітап әлемінде» байқауы ІІ орын 2023 жыл «Мадақтама» «Мен зерттеушімін» республикалық байқауында аудандық кезеңде белсенділік көрсеткені үшін. 2023 жыл «Мадақтама» «Егер мен супер қаһарман болсам» республикалық байқауында аудандық кезеңде белсенділік көрсеткені үшін.

Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау

«Таңшолпан» бөбекжай-балабақшасында оқу-тәрбие жұмысы келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:-Тәрбиеленушінің жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оның жан-жақты дамуын қамтамасыз ету;-Баланың дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;

Бүлдіршіндерге қолжетімді жағдайлар жасау мақсатында «Балапан», «Қарлығаш» топтарында заттық-кеңістікті дамытушы орталықтар жас ерекшеліктеріне сай жасақталған, безендірілген, қажетті көрнекілік құралдармен қамтамасыз етілген.Тәрбиеленушілердің денсаулығын мен өмірін сақтаудағы қауіпсіздік ережелері қатаң сақталған.Топтардың кіре беріс дәлізінен бастап,қазіргі күн талабына сай стендтер ілінген, балалардың қабылдау бөлмелерінде ата -аналарға арналған ақпараттық стендтер, «Жолда жүре,білейік»,«Көңіл күй» бұрыштары, «Мен суретшімін», «Біздің көрме», «Жыл қайыру»,«Туған күн»,өткізілген ҰІӨ дәлелі ретінде балалардың жұмыстары қойылған.Балабақшаның топ бөлмесінде «Шаштараз»,«Дәрігер»,«Қазақы бұрыш»,«Табиғат бұрышы»,«Біз кезекшіміз», «Асхана», «Құрылысшы», «Отбасы», «Кітап» бұрыштары сюжеттік-ролдік ойындардың заманауи ойыншық құрал-жабдықтары жинақталған, Тірі табиғат бұрышында аквариумдағы балықтар,бөлме гүлдері өсіріледі.

Топтарда тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескере отырып балалардың ой-өрісін, тілдерін дамыту мақсатында шахмат,шашка,лото, мозайка, үстел- үсті және ірілі ұсақты құрастырмалы ойыншықтар,асықтар жиынтығы бар.

Театрлық іс-әрекеттерін және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында драматизациялауға арналған қуыршақтар, үстел- үсті театрлар, көлеңкелі театрларының атрибуттары,сахналық макет үйшіктер жинақталған.

Топтағы көптеген көрінекіліктер тәрбиешілердің өз қолдарымен эстетикалық талғамға сай жасалған. «Балапан» тобы, «Қарлығаш» тобының құжаттары талапқа сай жұмыстары жинақталған. Ата-аналармен жұмыс, мектеппен сабақтастық жоспарлары құрылып, өткізілген кеңестер, дөңгелек үстел, баяндамалар, ертеңгіліктер, сауалнамалар папкаға жинақталып хаттамалары толықтай мөрленген.

Тәрбиеленушілерді құқықтық тәрбиелеу, білім беру ұйымында тәрбие жұмысын құқықтық әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету барысында педагогикалық кеңесте мәселе етіп қойылып, талқыланған «Тәуелсіздік және мен» тақырыбына,«Бақытты отбасы» атты жылжымалы папкалар дайындалған. Мектепке дейінгі мекемеде кеңістік - пәндік ортаны дайындау барысында «Тіл туралы Заң», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері», «Біздің жетістіктер», «Ата-аналар, сіздер үшін», «Мемлекеттік қызметтер», «Кәсіподақ бұрышы», «Біздің мақтанышымыз», «Қауіпсіздік бұрышы», «Денсаулық», «Рухани жаңғыру-болашаққа бағдар», «Психолог»бұрышы, «Музыка әлемі» сияқты стендтер талапқа сай.

Баланың коммуникативтік,танымдық,шығармашылық әлеуметтік іс-әрекетін, қабілеттерін қалыптастыруда қолданылатын дидактикалық оқу құралдары мен үлестірмелі материалдар жеткілікті және эстетикалық талапқа сай.

«**Балапан**» тобында баланың сенсорлық қабілеттерін арттыруға бағытталған құрал- жабдықтар мен көрнекіліктер эстетикалық талғаммен жинақталған, тәрбиешілердің өз қолдарымен жасалған көрнекіліктері де мол фетра матадан,қалдық материалдармен баланың қызығушылығына қарай әдемі істелген көрнекіліктері мол.Жалпы «**Балапан**» тобы, «**Қарлығаш**» тобы тәрбиешілерінің фетра матасынан балалардың қоршаған ортаны бағдарлай білуге,түйсіктері мен қабылдауларын жетілдіруге,ұсақ саусақ моторикасын дамытуға,түстерді ажыратуға,оларды топтастара білуге бағыттап жасалған көрнекіліктері мол.

Сонымен қатар балабақшада «Денсаулық» дағдыларын қалыптастыратын жұмыстар дені сау ұрпақ тәрбиелеудің маңызды шарттарының бірі болып табылады.Балабақшада арнайы денешынықтыру маманы жоқ штаттық кестеде көрсетілмеген сондықтан да денешынықтыру ҰІӨ екі топтың тәрбиешілері өздері өткізеді.Арнай спорт залы жоқ, шағын музыка залында ҰІӨ кестеге сай әр топ тәрбиешілері өткізеді.Оқу жоспарындағы талаптар орындалуда.

Дене шынықтыру іс – әрекеттері, дене шынықтыру құралдарын толық қолданылып жүргізіледі. Балабақшада спорттық мерекелер мен ойын-сауықтар өткізілді жие өткізіледі. «Әкем, шешем және мен», «Спорт денсаулық кепілі!», «Денсаулық – зор байлық», «Кім күшті», сайысы, «Көңілді доптар», «Көңілді старт» т.б. жарыстары, ата-аналардың қатысумен ойын-сауықтар өткізілді. Спорттық – сауықтыру шаралары ата – аналар мен балалар, қызметкерлер арасында да жүргізілген, салауатты өмір салтын, насихаттау ісіне бағытталған іс-шаралар жоспары жасалған. Жазғы сауықтыру шаралары жоспарланып ретімен өткізілген (материалдары жинақталған).

Қорытынды: 1. Балабақшаның оқу-тәрбие жұмысы «жақсы» деңгейде ұйымдастырылған.

Мектепке дейінгі мекемеде балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз орта құру.

«Таңшолпан» бөбекжай-балабақшасында тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында топтардың қабылдау бөлмесінде, топ бөлмелерінде, дәлізде, музыка залында, ас дайындайтын бөлмеде және балабақшаның сыртында 16 дана толық бейне бақылау камералары орналастырылған. Балабақша толықтай жарық пен жылумен қамтамасыз етілген. Жалпы балалар қауіпсіздігін басты назарға ала отырып, білім беру жағдайларын жасау балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім дағдылары мен рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру мақсатында білім беру бағыттарын кіріктіріп, заттық - кеңістікті дамытушы ортаны жабдықтауға, инновациялық әдістермен технологияларды қолдана отырып балалардың қажеттілігі ескерілген.

Барлық топтарда МЖМБС білім беру салалары бойынша жабдықталған :

«Денсаулық » дағдыларын дамыту :

Топтарда балалардың өз бетінше қимыл-қозғалыс іс-әрекеттеріне, баланың дене бітімі мен психикасын қолайлы сезінуін қамтамасыз ететін, тыныс-алу жаттығуларына арналған түтікшелер, массаж қолғаптары, қимылды ойындар жиынтығы, доптар, атрибуттар, табан бұлшық еттерін жетілдіруге арналған, массажды төсеніштер түрлі пішіні, ойын материалдары бар. Спорттық құрал жабдықтар самокаттар, велосипедтер, секіргіш резина аттар, шаңғы, итеретін арбалар скакалка, обруч, құм салған қалташалар, кеглилер т\б. бар.

Баланың мәдени-гигиеналық дағдыларын кеңейтіп, жетілдіруге арналған сауықтыру-шынықтыру шаралар жоспары жасалған талапқа сай.

«Коммуникативтік» дағдыларды дамыту бойынша:

Балалардың ойын технологиялары негізінде тілдерді ерте үйренуге арналған көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілген. Сөйлеу мәдениеті, дыбыстық мәдениет, дыбыстарды дұрыс айта білуге, ажырата білуге жаттықтыру. Сөздік қорларын дамыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету, сөзге қызығушылығымен зейінің тұрақтандыру. Грамматикалық дұрыс сөйлеуді жетілдіру, диалогты сөйлеуді қалыптастыру және шығармашылық тілдік қабілетке баули отырып, әдеби шығармаларды тыңдап, әңгімелеу және әңгімені қабылдай білуге үйретуге бағытталып жасақталған көрнекілік құралдары жеткілікті.

«Танымдық» дағдыларын дамыту бойынша:

Баланың танымдық іс-әрекетінің жеке дамуына әсер ететін сенсорлық-дидактикалық ойындары (домино, құрастырулар, пазылдар түрлері, геометриялық пішін түрлері, әр түрлі конструкторлар, саусақ моторикасын дамытатын ойын түрлері т\б.) және қоршаған орта мен табиғатты ересектермен бірлесе зерттеуге арналған табиғат бұрыштары тірі табиғат бұрышы аквариум балықтары бар. «Шығармашылық» дағды: Тәрбиеленушілердің жас шамасын ескере отырып, бейнелеу құралдарының түрлерімен мен музыкалық аспаптармен, ертегі және әңгімелер тыңдауға арналаған дидактикалық ойындармен, сахналық қойылымға арналған үйшіктермен, әр түрлі макеттермен жабдықталған. «Әлеуметтік» дағды бойынша: мінез-құлықтың қарапайым ережелерін сақтай отырып, өз құрдастарымен ынтымақтастылыққа тәрбиелейтін жағдай жасалған. Жыл мезгілдері, үй және жабайы жануарлар жинағы, ұлттық бұрыштар, ойындар жинақталған

Қорытынды

1.Барлық топтарда МЖМБС білім беру дағдылары бойынша жабдықталған «жақсы» деп бағаланды.

Түімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база

«Таңшолпан» бөбекжай-балабақшасының материалдық – техникалық базасы қамтылған. Балабақша автономдық жылыту жүйесі бар,салқын және ыссы сумен толық қамтамасыз етілген.

Тәрбиелеу мен Білім беру үрдісін толық қамту мақсатында өртке қарсы және санитарлық эпидемиологиялық қызметтердің қорытындылары мен анықтамалары жинақталған, тамақтандыру деңгейін растайтын құжаттар мен сертификаттар сақталу мерзіміне сәйкес жинақталған. 2 топта үстел, отырғыш, кереуеттер толық,ойыншықтармен, жиһаздармен және сюжетті ойын бұрыштары жиһаздарымен жабдықталған. Балапан,Қарлығаш топтарында ойын бұрыштары мемлекеттік стандарт талаптарына сай. Медициналық, әлеуметтік жағдайы, балалардың өмірін қорғау және денсаулығының нығайтын, интеллектуалдық дамуын,эмоционалдық жағдайын жақсартуды қамтамасыз етеді. Балабақша аумағы қазіргі заман талабына сай жабдықталған. Әр топтың өз ойын алаңы бар,ойын алаңын балалар ойындарына арналған құралдармен жабдықтау, көпшілігін ұжым өз күштерімен және ата-аналардың көмегімен жабдықтаған.Балабақшада әр топтың жеке ойын бөлмелері, ұйықтайтын бөлме, қабылдау бөлмесі, жуыну бөлмесі мен дәретханасы бар.

Меңгеруші, әдіскер\психолог – кабинеті, Музыка залы,кір жуу бөлмесі (ішінде үтіктеу),ас дайындайтын асхана және азық-сақтайтын қоймасы бар. Мекемеде 1 проектр ,Ноутбук, 1 дана принтер, сканер, ксерокс бар, ғаламторға қосылған. Дене шынықтыруға арналған құрал – жабдықтар әр топтың денсаулық бұрышына қойылған.

Музыкалық ойын – сауықтарды ұйымдастыруға арналған музыка бұрышы, теледидар, көрнекіліктер, ойын – сауықтарды драмалауға арналған атрибуттар, ертеңгіліктер өткізуге арналған жабдықтары мен би костюмдері жинақталған.Музыка залында музыка жетекшісінің ҰІӨ талапқа сай өткізіледі. Арнайы маман жоқ өндірістік қажеттілікке байланысты балабақша тәрбиешісіне 0,5 штаттық кестеге сай 2022-2023 оқу жылына жүктелген.

Мерекелік ойын- сауықтардың материалдары толық жинақталған 2022-2023 оқу жылдарының перспективалық планы,циклограммалары жинақталған.Әдіскер\психолог – кабинеті біріктіріліп көрсетілген,өндірістік қажеттілікті ескере отырып 0,5 штаттық кестемен балабақша әдіскеріне жүктелген.Психолог педагогтермен,тәрбиеленушілермен,ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жүргізеді.Психологтың жұмысын тексеру барысында түйіндемелер толтырылған, тәрбиеленушілермен,ата-аналармен жүргізілген жұмыстар жүйеге келтірілген,

диагностикалық,сауалнамалар тестлер жинақталған.Педагогтармен жүргізілген кеңес,тренинг ,тестер жинақталған.Жылдық жоспар,циклограммалары жинақталған.Психологтың жұмысының негізгі бағыты- тәрбиеленушілердің психологиялық дамуына жағдай туғызу болып табылады.Аталған мамандардың іс-құжаттары талапқа сай стандарт орындалған. Түйіндей келе,штаттық кестеге сай психолог,музыка жетекшісі мамандарын ауылдық балабақшаларға 0,5 ставкаға келуі төмен.Топтарда балалардың танымдық қабілетін дамытуға мақсатталған сюжетті, дидактикалық ойындар, әдебиеттер, журналдар топтамасы, әдістемеліктер, көрнекі - құралдар, аудио – видео, аудио ертегі кітаптар бар.

р\с	атауы	жылы	саны
1	Ноутбук (асер)	2018 жыл	1
2	Принтер HP LaserJet MFP M129-M134	2018 жыл	1
3	Принтер түрлі- түсті(Canon G1010)	2018 жыл	1
4	Принтер HP LaserJet MFP M129-M156	2018 жыл	1

Балабақша қажетті тұрмыстық бұйымдармен: кір жуатын жартылай автоматты машина, тоңазытқыштар, заманауи үтіктейтін аппарат т.б. жабдықталған. Төсек-жаймасы әр балаға 3 данадан, ыдыстар 50 балаға жеткілікті. Ас дайындайтын бөлмесі қажетті ыдыс-аяқтары мен құралдармен толық жаңартылып талапқа сай жабдықталған, СанПи талаптарына сай.

Ас дайындау бөлмесі 1-электроплитамен, 1-сужылтқыш, 1мұздатқыш, 2-тоңазтқыш, азық-түліктерге арналған үстелдер, ас үй жабдықтары нөмірленген, санитарлық талаптарға сай. Ас дайындайтын 1 аспаз, 1 аспаз көмекшісі жұмыс жасайды. Шикі өнімдерді сақтайтын 1 қоймасы бар. Азық-түлік сертификаттары жинақталған. Шаруашылық меңгерушісі кіріс-шығыс журналдарын жүргізілген.Балабақшадағы ата-аналармен іс-шаралар жоспар бойынша жүргізіледі, барлық материалдар папкілерге жинақталған.Ата-аналар балабақшадағы жұмысына белсенділік танытады. Балабақшаның басты бағытының бірі балалардың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Бөбекжай балабақшада ата-ананың барлық қарым-қатынасы келісім шарт арқылы жүргізіледі. Онда ата-ананың төлем ақысы (тамақтану, балабақша міндеті, ата-ана міндеті) көрсетілген. Ата – ананың бір күндік төлем ақысының 2022-2023 оқу жылы бағасы күніне 400 (төрт жүз) теңгені құраған. Балабақшада медициналық арнайы кабинет жоқ,лицензиясы берілмеген,медбикеге арналған шағын бөлмесі бар,құжаттары жинақталған. Балаларға медициналық көмек көрсету үшін 0,5 медбике штаты, медбикенің медициналық арнаулы білімі, медициналық білім қызметіне сертификаты бар. Балабақша әкімшілігі материалдық-техникалық базасының нығайуына көңіл бөлген, күрделі жөндеу жұмыстарын талап етпейді. Сыртқы келбетіне ағымды жөндеу жұмысына бюджеттен қаржы бөлінген. «Таңшолпан» бөбекжай балабақшасының материалдық-техникалық базасын жақсарту мемлекеттік сатып алу Заңына сәйкес жүргізіледі.

Қорытынды:1.Балабақшаның материалдық-техникалық базасының жағдайы «жақсы» деп бағаланды.

Қорытынды:


1. «Таңшолпан» бөбекжай-балабақшасы өзін-өзі бағалау барысында жүргізілген жұмыс қорытындысы бойынша білім беру мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарына сай келеді.
2. Өзін-өзі бағалау жұмысы барысында балабақшаның оқу-тәрбие үрдісінің ұйымдастырылуы мен педагогтардың кәсіби қызметтеріне даярлығы бойынша анықталған көрсеткіштерге сәйкес.
3. Өзін-өзі бағалау бойынша қаралған жұмыстың құжаттарының көшірмелері дайын деп есептелді.

Комиссия мүшелері:

Комиссия төрағасы:

«Таңшолпан» бөбекжай-балабақшасының директоры: Байсеркешова А.Б. 

Балабақшасының меңгерушісі: Есжанова А.Б. 

Медбике: Бисенғалиева У.А. 

Тәрбиеші: Биржанова А.К. 

Тәрбиеші: Әбдікерова А.Б. 



